



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

“01” 03 2016 ж.г.

№ 101-Ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**Банкроттықты басқарушыны
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына сәйкес және Ә.Ә. Тасымовты банкроттықты басқарушы міндетінен шеттету туралы 2016 жылғы 26 ақпандағы «ИнжСтрой-Кызылорда» ЖШС-нің кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Банкроттықты басқарушы Тасымов Әділет Әлібекұлы «ИнжСтрой-Кызылорда» ЖШС-нің БСН 040640006176 мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Тасымов Әділет Әлібекұлы үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б. Ақжігітке жүктелсін.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



М. Қалдарбеков